


Бекітемін

«Облыстық көркемөнерпаздардың  
халық шығармашылығы мен  
кинобейнеқор орталығы» КМҚК  
басшысы  Д. Қалқаев

2022 жылғы « 4 » тамыз



Қостанай қаласының 143 жылдығына арналған «Құтты мекен Қостанай»  
атты облыстық бейнероликтер байқауының  
**ЕРЕЖЕСІ**

**Өткізілетін мәрзімі**

- 2022 жылғы тамыз айы

**Өтетін орны мен уақыты**

- Қостанай облысы, Қостанай қ.,

«Құтты мекен Қостанай» облыстық бейнероликтер байқауы (бұдан әрі — облысымыздың Мәдениет саласындағы қызметкерлердің режиссерлік, операторлық, сценаристтік, монтажды әрлеу жұмыстарымен танысу, қазақстандық кинода жаңа есімдердің ашылуына және байқауға қатысушылардың шығармашылығын жоғары деңгейге көтеруге арналған бастапқы алаң ретінде бірегей мәдени іс-шара.

**1. Байқаудың құрылтайшылары мен ұйымдастырушылары**

- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:**

- облыстық кино өнерін насихаттау;
- облыстық мәдениет қызметкерлерінің патриоттық рухта тәрбиелеу, Қостанайдың тарихын, дәстүрлерін, өнері мен мәдениетін тану, ізденіс жасау.
- облыстық мәдениет саласындағы таланттарды, шығармашыл адамдарды іздеу және оларды қолдау;

- тәжірибелік, шығармашылық идеялар алмасу және кәсіби деңгейін арттыру үшін шығармашылық платформа құру

### **3. Байқауға қатысушылар:**

- Қостанай облысы мәдениет демалыс ұйымдары және қызметкерлері қатыса алады (қалалық және аудандық мәдениет үйлері, ауылдық мәдениет үйлері, ауылдық клуб қызметкерлері);

### **4. Байқау жұмыстарға қойылатын талаптар:**

- Қостанай қаласының 143 жылдығына орай тарихын, мәдениетін, өнерін, табиғатын, қызықты оқиғаларын, адамдары туралы баяндайтын патриотизм, адамгершілік, руханият және эстетикалық тәрбие тақырыптарында түсірілген бейнероликтер ұсынылуы тиіс;
- техникалық талаптар: ұялы телефонға немесе сапасы жоғары камераларға түсірілуге болады;
- бейнероликтертің барлық хронометражында су белгілері және басқа логотиптер болмауы тиіс;
- байқау жұмысының ұзақтығы 1 минут және 43 секундқа дейін болуы керек;
- марапаттау рәсіміне бейнеролик жеңімпазының бір өкілі келуі тиіс;
- байқаудың негізгі тақырыптары тамыздың 12-сі күні сағат 11:00-де жіберіледі;

### **5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі:**

Байқау үш кезеңнен тұрады:

- бірінші кезең - іріктеу;
- екінші кезең - қорытынды;
- үшінші кезең - жеңімпаздарды марапаттау рәсімі;

Байқаудың жеңімпаздары дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

1-орын

2-орын

3-орын

Арнайы сыйлық

## **6. Байқау жеңімпаздарын анықтау тәртібі:**

- жеңімпаздарды анықтау, сондай-ақ келіп түскен байқау жұмыстарына сараптама және бағалау жүргізу мақсатында байқаудың қазылар алқасы құрылады;
- ұйымдастыру комитеті себептерді түсіндірместен қандай да бір материалды енгізбеуге құқылы;
- қазылар алқасы талқылау кезінде кейбір орындарды бермеуге немесе қосымша сыйлық тағайындауға құқылы;
- қазылар алқасы байқау ұйымдастырушыларынан, киноиндустрия саласындағы сарапшылардан, мемлекет және қоғам қайраткерлерінен, БАҚ өкілдерінен құралады;
- қазылар алқасы әр байқау жұмыстарын талаптарға сәйкес 10 балдық жүйе бойынша бағалайды;
- әр орында бір ғана бейнеролик жеңіске жетеді. Әр қатысушы екі орын бойынша жеңімпаз бола алады;

## **7. Қорытынды ереже:**

Авторлық құқықтарға байланысты үшінші тұлғалардың талаптары мен арыздары бойынша жауапкершілік байқауға ұсынған заңды немесе жеке тұлғаға жүктеледі.

## **8. Өтініштерді тапсыру шарттары**

Қатысушылардың жұмыстары 12 тамыз сағат 11:00-ден 18 тамыз сағат 10:00 аралығында [Hsb@ocsnt.kz](mailto:Hsb@ocsnt.kz) электрондық поштасына қабылданады. Міндетті түрде өтінім (қосымша) толтырылуы керек. Өтінім қатысушыларды тізімге енгізу үшін қажетті құжат болып табылады. Байланыс телефон: +7 7142 56 01 29  
Бөлім жетекшісі: +7 775 266 67 03